

**6D020300 –Тарихнамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тоқсанбаев Аламас Коргаджановичтің «Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі: тарихнама мәселелері» тақырыбында дайындаған диссертациялық зерттеу жұмысына отандық ғылыми кеңесшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Ногайбаева Мендигуль Сағатовнаның**

### **ПІКІРІ**

Орталық Азияның көшпелілерінің ортағасырлық қоғамдағы билік мәселесі көшпелілердің саяси құрылымы, әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Сондықтан, Орталық Азияның көшпелілерінің ортағасырлық қоғамдағы билік жүйесінің бастаулары мен даму тарихын тарихнамалық тұрғыдан талдау мен басты ғылыми методологиялық тұжырымдамаларын анықтау өзекті тақырып болып табылады.

Көшпелілер қоғамындағы билік түсінігі, саяси институттар, билікті анықтау, оның мәні мен мазмұнын талдау арқылы саясат және мемлекет табиғатын айқындау, қоғамдық қатынастардың сипатына баға беруге мүмкіндік туады. Билік ұғымына идеялық мән беретін көшпелілер қоғамы оның саяси, әлеуметтік, және дүниетанымдық тұжырымдамасын назарға алғаны белгілі. Көшпелілер қоғамындағы жоғары биліктің саяси-әлеуметтік және дүниетанымдық категорияларының дамуы мен оның өзгеруін мемлекеттілік тарихын зерттеудегі басты бағыт ретінде қарауға болады. XIX ғ. Ортасы –XX ғ. басында Орталық Азияда көшпелілерінің тарихы, соның ішінде мемлекеттілік, қоғамдық қатынастары мен саяси-әлеуметтік ұйымдасуының ерекшеліктеріне байланысты көптеген тарихнамалық еңбектер пайда болды. Бұл зерттеулердің басым көпшілігі XIX ортасынан бастап пайда болып, XX ғасырлар басында дамыған, бірте бірте қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда үстемдік еткен түрлі теориялық-методологиялық ұстанымдар шеңберінде қарастырылса, уақыт өте келе жаңа мәдени антропологиялық концепциялар көпвекторлы теориялар шеңберінде зерттеле бастады.

Соңғы жылдары отандық тарих ғылымында археологиялық және этнографиялық жазба деректерінің негізінен жаңа көзқарастар қалыптасып келе жатыр. Әсіресе ежелгі және ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің ерекшеліктері мен атрибуттары, соның ішінде көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану және билік құқығына, билік символдары және олардың сабақтастағы туралы, Қазақ хандығы дәуіріндегі хандық биліктің ерекшеліктері, жоғарғы билік тұжырымы, хан көтеру дәстүрі, құқығы мен қызметі қатысты тұжырымдарды қайта қарау қажеттілігі туындап отыр.

Ұсынылып отырған жұмыста Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесінің тарихнамасы қарастырылып, билік

жүйесіне, билік және дәстүрлі құқық мәселелеріне, мемлекеттік құрылымына, биліктің эволюциясы қатысты зерттеулер кешенді түрде талданған.

Еңбекте ізденуші тарихнамалық зерттеулердің жалпы методологиясы мен әдістеріне сүйенген. Көшпелілер қоғамындағы билік жүйесіне қатысты зерттеулерді кешенді түрде талдау жасап, көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілік мәселесіне қатысты териялық-методологиялық ұстанымдар эволюциясымен салыстырмалы түрде көрсеткен.

Көшпелілер қоғамындағы билікті мұралану, билік құқығы және символдары мен атрибуттарын мәселелері жеке талданған. Жалпы көшпелілер қоғамындағы билік жүйесіне қатысты түрлі теориялық-методологиялық ұстанымдардың басты ерекшеіктері, бағыттары мен зерттеулердің нақты қорытындылары, нәтижелері, жалпы тарихнамалық кезеңдердің сатылары, мәнін талданған. Осылайша, ізденуші, көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің мәселелеріне қатысты методологиялық ұстанымдар мен тарихнамалық концепциялардың дамуы мен тұжырымдарын анықтаған.

Жұмыс ғылыми-теориялық талаптарға сай жазылған және көтерген тақырыптың мазмұны ашылған.

Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары, тұжырымдары мен нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған 9 ғылыми мақала негізінде жарық көрді. Оның ішінде ҚҚ БҒМ-нің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті мақұлдаған басылымдарда – 4 мақала; шет елдік халықаралық ғылыми конференцияларда – 1; отандық республикалық және халықаралық конференцияларда – 3; Scopus базасына индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналда – 1.

Қорыта айтқанда, докторанттың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнында жүйелілік пен сабақтастық принциптері толық сақталған. Соның негізінде мәселенің өзара ішкі байланысы мен тарихи тұтастығы жоғалмаған. Диссертациялық жұмыс, ортағасырлардағы Орталық Азия көшпелілері қоғамындағы билік жүйесін тарихнамалық тұрғыдан қарастыраған кешенді зерттеу болып табылады.

Осындай ғылыми нәтижелерді ескере отырып, докторант Тоқсанбаев Алмас Коргаджановичтің «Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі: тарихнама мәселелері» тақырыбында дайындаған диссертациялық зерттеу жұмысын ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай орындалған еңбек ретінде 6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесшісі т.ғ.к., қауым профессор,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Тарих факультетінің деканы

ЗАВЕРЯЮ  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова



М.С. Ногайбаева